

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймуллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOBa A, Шaтeнoвa C. Oқyшылардың тiлдiк дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиiмдi әдiс-тәсiлдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д . Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тiлiн дамытудың ерекшелiктерi.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

пайдалану керек және аудиторияның қажеттіліктеріне тікелей сілтеме жасау керек.

Аудиторияның реакциясы. Егер сіз аудитория сіздің пікіріңізбен келіспейді деп ойласаңыз, сіздің стратегияңыз оның көзқарасы орташа теріс немесе жалпы дұшпандық болуына байланысты болады:

Егер сіз аудитория сіздің ұсынысыңызбен орташа келіспеушілік жағдайында деп ойласаңыз, онда сіз бұл дәлелдердің ауырлығы оларды сіздің тарапыңыздан өтуге мәжбүр етеді деп үміттеніп, оларға тікелей дәлелдер келтіре аласыз. Жағымсыз аудитория алдында сөйлегенде, материалдың объективті экспозициясына және жұмыстың жеткілікті айқын көрінісіне назар аударыңыз, сонда сізбен аздап келіспейтін адамдар сіздің ұсынысыңыз туралы ойланғысы келеді, ал мүлдем келіспейтіндер, ең болмағанда, сіздің көзқарасыңызды түсінеді.

Егер сіздің аудиторияңыз сіздің мақсатыңызға дұшпандықпен қарайды деп ойласаңыз, тақырыпты алыстан бастаған дұрыс немесе өзіңізге ерекше емес мақсат қою туралы ойланған жөн. Бір ғана сөйлеудің нәтижесінде қарым-қатынаста немесе мінез-құлықта толық төңкеріс күту мағынасыз болуы мүмкін. Егер сіз қарым-қатынасты сәл өзгертуді қажет ететін қарапайым ұсыныс жасасаңыз, сіз өз аудиторияңызды, ең болмағанда, сіздің хабарламаңыз қандай да бір құндылыққа ие болуы мүмкін деп ойлауға мәжбүр ете аласыз. Әрі қарай, егер идея қазірдің өзінде "тамырланған" болса, сіз оларға әрі қарай жүруді ұсына аласыз.

БОЛАШАҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ф.Н.ЖҰМАБЕКОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық универсиетінің профессоры, п.ғ.к,

А.Е.ДАРМЕНОВА,

«Педагогика және психология» кафедрасының

1 курс докторанты

Астана, Қазақстан

Андатпа. Аталған мақалада жоғары оқу орындарында болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі туралы цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау жоғары мектептің ең өзекті мәселесі ретінде қарастырылған. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарын дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім ретінде пайдалану ұсынылған. Қазіргі таңда оларды пайдаланудың тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа

қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыруға ықпал ететіндігі баяндалған.

Түйін сөздер: цифрлық технология, білім беруді цифрландыру, цифрлық білім беру ресурстары, компьютер, интерактивтілік, қол жетімділік.

Қазіргі кезеңде цифрлық дәуірге жасалған қадам білім беру саласының жаңа бағыттарын айқындап беруде. Білім берудің өзектілігін қамтамасыз ететін оқыту үрдісі инновациялық шешімдер арқылы түрленуде, жаңаруда.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда бес негізгі бағыттарға: экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке өту, цифрлық Жібек жолын іске асыру, адами капиталды дамыту, инновациялық экожүйені құру мәселелеріне басымдық берілген [1].

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында сапалы мамандарды даярлауға, Қазақстанның цифрлық хабқа айналуына қажетті кадрлық әлеуетті арттыруға ерекше мән берді. Сонымен қатар, білім және ғылым саласына уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсыну міндетін қойды [2].

Жаһандық тенденцияларды саралай отыра, оқытудың теориялық-әдістемелік аспектілерін зерделей келе, дағдыны толыққанды игеру тек тәжірибе арқылы жүзеге асырылатыны анық. Ал, оқу үрдісіндегі тәжірибенің айнасы оқу әрекеті екені белгілі. Оқу әрекеті дағдыны, ол өз кезегінде білім және білікпен бірлесе отырып құзіреттілікті, сәйкесінше оқыту нәтижелерін қалыптастырады.

Бұл нәтижелер бірқатар зерттеушілер еңбектерінде оқу әрекетінің әдіснамалық негіздері тұрғысынан Новиков А.М., Новиков Д.А. жан-жақты қарастырса, Лернер И.Я. оқу әрекеті арқылы оқытушы білім алушыға әсер етуін және түрлі әдістермен үйлесімін, Талызина Н.Ф. оқу әрекетін оқу теориясынан бастап, оқу әрекетіндегі ынтымақтастық құруды, ішкі мотивтің маңыздылығын іргелі зерттеген және оқу үрдісінде алатын орнын айқындаған. Әрекетке негіздей отыра оқытудың бастауы ретінде П.Я. Галпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру теориясын келтіруге болады [3].

Дәстүрлі педагогика тұрғысынан оқу әрекетіне кіретін өздік іс-әрекетті қалыптастыруды Алдибекова К.Н., оқу-танымдық іс-әрекетті қалыптастыру шарттарын Құлмышева Н.А., болашақ оқытушыларды даярлауда жүйелі-әрекеттік тәсілді қолдануды Киселева Е.А., тест арқылы оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды Хаймулданов Е.С. сынды ғалымдар зерттеген.

Оқу әрекетін іске асыруда және жетілдіруде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану өзекті екені белгілі. Осы бағытта Әбішева Л.П. оқу іс-әрекетін компьютер көмегімен дараландыруды қарастырса, Карымсакова А.Е., Жалғасбекова Ж.К. компьютерлік ортадағы арнайы зияткерлік әрекет тұрғысынан зерттеген. Серік М., Карелхан Н. цифрлық құралдар арқылы оқытудың заманауи формаларын іске асырудың

интерактивті және мультимедиялық мүмкіндіктеріне қойылатын әдістемелік талаптарға ерекше мән берген.

Нурбекова Ж.К. өзінің докторлық диссертациясында ақпараттық-коммуникациялық орта оқыту үрдісінің субъектілерімен интерактивтілікті іске асыру негізінде жаңа оқу әрекетінің түрлерін туындататынын ерекше атап өткен [3].

Цифрлық технологиялардың ғасырлар бойы қалыптасқан оқыту теориясы – адамдардың қалай оқитыны, түсінетіндігі және зерделеуі сипатталатын бихевиоризм, когнитивизм, конструктивизм, әлеуметтік оқыту модельдерімен интеграциялануы оқытудың мақсатына ең тиімді жетуіне әсер етуде. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерді пайдалана отырып, халық пен бизнестің сұранысын алдын ала болжай отырып, қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құруға, деректерді беру, сақтау және өндеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын бүкіл аумақты дамытуға назар аударылу қажет. Еліміздің барлық аумағында байланыс желілері мен АКТ инфрақұрылымын қамтуды кеңейтудің маңызы зор.

Бүгінгі таңда болашақ мамандарды цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау – жоғары мектептің ең өзекті мәселесі. Олар қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, білім алушылардың тез өзгермелі ақпараттық қоғамға үйлесімді бейімделуінің, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың әмбебап құралына айналып отыр. Ең алдымен, цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім болып табылады. Оларды пайдаланудың тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы білім алушылардың өз бетімен зияткерлік әлеуетін дамытып, білім қорын молайтады.

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдалануда зерттеу мәселесіне сәйкес әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу маңызды. Атап айтқанда: философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-теориялық еңбектерді талдау, салыстыру, жүйелеу, үлгілеу, қорытындылау; эмпирикалық (оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, сұхбаттасу, сауалнама алу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар); статистикалық (тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу және талдау) әдістері, цифрлық білім беру ресурстары туралы танымы сауалнамасы; өзін дамыту қажеттіліктерін жүзеге асыру және өзін-өзі кәсіби-педагогикалық дамытуға үлестік дайындығы мен диагностикаларды тиімді пайдалана білу керек [4].

Қазіргі таңда еліміздегі білім беруді цифрландырудың басты мақсаты – заманауи озық ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық цифрлық ортасын құру кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру

арқылы ұлттық білім беру сапасын арттыруға басымдық беріледі. Ол өз кезегінде педагогтердің біліктіліктері мен дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоя отырып, олардың кәсіби қызметіндегі нақты қайта құруларды қажет етеді. Өйткені қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, сонымен қатар өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын шығармашыл, құзыретті маман қажеттігі артуда [4].

Отандық ғалымдар елімізде цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, Қазақстан 4.0 индустриясын дамытуда перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды. Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беруді цифрландыру қажеттігін баса көрсетеді, өйткені бұл процестің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік беретіндігімен дәлелдейді [5].

Біз де ресейлік және отандық ғалымдардың тұжырымдарына қосыла отырып, цифрландыру, оның ішінде білім беруді цифрландыру бүгінгі төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге және цифрлық экономиканы қалыптастыруға бағытталған оңтайлы да перспективалы қадам деп айта аламыз [6].

«Цифрландыру» терминінің тарихына үңілсек, өзі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Давоссе Клаус Шваб, 1960-1980 жылдардағы алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атады, оның катализаторы жартылай өткізгіш ЭЕМ, 60-70 жылдары – дербес компьютерлерді, 90 жылдары – интернет желісін дамыту болды деген пікірді ұстанады. Сонымен қатар автор төртінші өнеркәсіптік революцияға ауысу басталатындығын және ол мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллектінің дамуына байланысты цифрлық технологияның кең ауқымына негізделетінін алдын ала пайымдаған еді [7].

Заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. Аталған үрдістер толықтай ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр [8].

Ресей ғалымдарының тұжырымдауынша, қазіргі цифрлық орта үш түрлі жағдайларға байланысты негізделеді, біріншіден, бүкіл әлем цифрлық форматқа көшуде және соған сәйкесті білім беру үдерісі артта қалмауы тиіс; екіншіден, білім беруді цифрландыру жекелік білім траекториясын таңдауға мүмкіндік беріп, өз біліміне деген жауапкершілікті арттырады; үшіншіден,

білім берудің тұтас цифрлық жүйесі барлық ел азаматтарына сапалы және жаңа білім алуға тең қолжетімділік бере алады [9].

Жалпы цифрлық білім беру ресурстары ұғымы қарапайым «қағаз» ақпарат көздері (кітаптар, журналдар, газеттер, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ұғымынан және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының (радио және теледидар сияқты) көмегімен таратылатын мазмұнды материалдан, сондай-ақ, соңғы отыз жыл ішінде айтарлықтай өзгерген дәстүрлі педагогикалық бағдарламалық құрал ұғымынан туындайды. Қазіргі таңда сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес, сондықтан мұғалім ақпараттық технологияны толық меңгеріп, ғаламторда еркін жұмыс істей білуі тиіс. Мұнда педагог білім беріп қана қоймай, білім алушыларды өз бетімен білімді толықтыру көздерін табуға, өзін-өзі жүзеге асыра білуге бағыттау қызметін атқарады. Осыған байланысты, ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, білім беру жүйесін жаңаша құруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделіне сәйкесті құрылған тұтас педагогикалық үдерісті талап ететіндігін ескеру қажет.

Тәжірибе дәлелдеп отырғандай, цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері кең және олардың көпфункционалдық рөлі келесі мазмұнда сипатталады:

- оқытудағы көрнекіліктің жедел құралы ретінде;
- білім алушылардың практикалық машықтарын пысықтауда көмекші құрал;
- білім алушыларға сауалнама жүргізу және бақылау, сондай-ақ, үй тапсырмаларын бақылау және бағалау құралы;
- схемалармен, кестелермен, графиктермен, шартты белгілермен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарындағы мәтіндерді редакциялау және қателерді түзету құралы [10].

Электронды білім беру ресурстары оқыту құралы ретінде дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда олардың артықшылықтарын анықтайтын бірқатар басымдылықтарға ие, олар:

1. *Мультимедиа құралдары.* Ақпаратты ұсынуда бірнеше құралдарды бір уақытта қолдану: графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілер, жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеу.
2. *Интерактивтілік.* Электронды білім беру ресурстарындағы интерактивтілік жиын элементтерінен бірнеше таңдау арқылы қамтамасыз етіледі; пернетақтадан мәтін енгізу, содан кейін қателерді талдау және жүйелеу; жаңа ақпараттық объектілерді аудиовизуалды түрде ұсына отырып, композицияның интерактивті мультимедиа элементтерін белсендіру; белгілі бір жүйені ұйымдастыру мақсатында объектілерді байланыс арқылы біріктіру. Электронды білім беру ресурстарының бұл мүмкіндіктері білім алушының өзіне ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және олардың танымдық іс-әрекетінің жеке қабылдауын, даралық ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі.

3. *Қолжетімділік.* Электронды білім беру ресурстарының қолжетімділігі оларды ыңғайлы уақытта және кез келген қолданушымен әлеуметтік медиа қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етуі. ЭБР мазмұнындағы қолжетімділік ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, әсіресе, үй жағдайында оқытылатын білім алушылар үшін өте маңызды. Бұл МЖМБС ережесін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соған сәйкес әр оқушыға (дарынды балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда) түрлі ұйымдастыру формалары мен жеке ерекшеліктерін ескеру қамтамасыз етілуі тиіс [11].

4. *Жан-жақтылығы.* Әмбебаптылық – бұл электронды білім беру ресурстар сапасы оқу пәні бойынша нақты оқу-әдістемелік кешенге қатаң байланысты емес және кез келген оқу-әдістемелік кешен сабақтарына енгізілуі мүмкін материал бойынша білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда кез келген электронды білім беру ресурстарын қолдану негізінде оқу процесін құруда белгілі бір оқулықта немесе оқу пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенді жүзеге асырылатын тұжырымдаманың негізгі ережелерін ескеру, яғни авторлардың жетекші идеяларына қайшы келмейтін электронды білім беру ресурстарын таңдай отырып, соның негізінде білім алушылардың іс-әрекетін құру басшылыққа алынуы қажет.

5. *Вариативтілік.* Вариативтілік деп оқу мазмұнының бір фрагментін әр түрлі оқу-әдістемелік кешендерге (ОӘК) және оқу бағдарламаларына бағдарлай отырып ұсыну түсініледі және ерекшеленеді: қазіргі заманғы жағдайларда ерекше өзекті; мазмұн элементтерін енгізудің әр түрлі тәсілдері; енгізілетін бекітулердің негіздемелерін нақтылаудың әр түрлі тәсілдері мен дәрежесі және т.б.; күрделіліктің әр түрлі деңгейлері; оқушылардың ақпаратты қабылдауының түрлі әдістері, бұл білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін «дәл» реттеуге, оқушылардың әр түрлі санаттары үшін мазмұнды игерудің жеке траекторияларын құруға мүмкіндік береді [12].

Біздің пікірімізше, ЦБР басты артықшылықтары–бұл мұғалімге ауқымды мазмұнда көмек беруі, яғни мультимедиялық проектор арқылы сандық нысандарды көрнекі түрде көрсетуі; білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен жұмысының жекелік, зерттеушілік, сондай-ақ, шығармашылық сипатта болуын ұйымдастыруы; студенттердің сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыруы; энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпарат алу мүмкіндігі.

Болашақ мамандарды даярлауда цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- цифрлық білім беру ресурстарын – компьютердің орасан зор мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу мәселелерін шешуге бағытталған толық интерактивті мультимедиялық өнім ретінде пайдаланатындығында;
- болашақ мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға дайындығы деп сандық технологиялардың мүмкіндіктерін негізге ала отырып,

цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби қызметтегі көп қырлы оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен қызметтерін тиімді жүзеге асыруын сипаттайтын қабілет, дағдылар жиынтығы болуымен маңызды;

- күнделікті тәжірибеде цифрлық білім беру ресурстарымен сабақты жоспарлау мазмұны мен ерекшелігі, инновациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін цифрлық білім беру ресурстары негізінде жоспарлау практикасының болуы;
- цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби шығармашылық жұмыста қолданылуы;
- цифрлық білім беру ресурстарын білім алушылардың зерттеу, өз бетімен жұмысын ұйымдастыруда қолдана алатындығында. Бұл болашақ мамандардың кәсіби өзін-өзі шығармашылықпен дамытуға қажетті теориялық таным-түсініктерін толықтырады. Университеттегі білімдік үрдісте цифрлық білім беру ресурстарының орасан зор мүмкіндіктерін толық пайдалануға жағдай жасалады [13].

Ойымызды қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі ең алдымен төмендегі педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге болатындығын көрсетеді:

- цифрлық технологияларды кеңінен қолдану нәтижесінде білім беру жүйесі жұмысын жетілдіру (оқу-тәрбие үдерісі тиімділігі мен сапасын арттыру; пәнаралық байланыстарды кеңейту; қажетті ақпаратты іздеу жұмысы тиімділігін және көлемін кеңейту; танымдық іс-әрекет белсенділігін арттыру);
- ЦББР – болжамды нәтижені алу құралы, атап айтқанда, білім алушыларға жоғары нәтиже беретін білім беру процесінің икемділігін және болашақ жұмыс берушілерге жоғары кәсіби мобильді мамандар дайындауды қамтамасыз етуі;
- цифрлық ресурстар дәстүрлі оқытудағы кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді: бағдарламаларды игеру қарқыны, педагогты, оқыту нысандары мен әдістерді таңдау;
- білім алушының тұлғасын дамытуы; ақпараттық қоғам жағдайындағы тез өзгермелі өмірге дайындауы. Педагог цифрландыру жағдайында заманауи сапалы білім алудың қажетті траекториясын құруға көмектесетін навигатор болып табылады [13].

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын сапалы түрде жүзеге асыруда келесі жұмыс түрлерінің орын алуын талап етеді:

- қазіргі цифрлы Қазақстан жағдайында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болашақ мамандардың даярлығын қалыптастыру бүгінгі күн сұранысы екендігін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану;
- цифрлық білім беру ресурстарының орасан зор мүмкіндіктерін меңгеру мақсатында жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне ЖОО-да цифрлық білім беру ресурстарын қолдану теориясы мен практикасын меңгеруге көмектесетін арнайы курстар енгізу;

- ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар, оқу құралдарын шығару жұмыстарын жандандыру;
- білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың шетелдік, отандық тәжірибесі бойынша пікір алысу, тәжірибе жинақтау мақсатындағы вебинар, онлайн-дәрістер, ғылыми-тәжірибелік семинарлар кеңінен ұйымдастыру. Бұған қоса, болашақ мамандарды даярлауда цифрландырудың құндылығы мен оны тәжірибеде пайдаланудың тиімділігі бірінші кезекте білім беруді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін меңгерген және үздіксіз білім алуға бағдарланған құзыретті педагогтердің зерттеушілік, шығармашылық жұмысын жандандыруға негіз бола алады.

Әдебиеттер

- 1 «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2017.
- 2 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. tengrinews.kz/kazakhstan_news
- 3 Сембаев Т.М. Оқу әрекетін бағалау және мониторинг жүргізу мақсатында толықтырылған шынайылық технологиясын қолдана отырып, бақылау-өлшеу материалын жобалау. 6D011100-информатика философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. Астана 2023.
- 4 Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл.– Б. 341.
- 5 Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан //Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №01 (54).
- 6 Буданцев Д.В. Цифровизация в сфере образования: обзор российских научных публикации // Молодой ученый. –2020. – № 8. – С. 120-127.
- 7 Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113.
- 8 Галкин, Д.В. От кибернетических автоматов к искусственной жизни: теоретические и историко-культурные аспекты формирования цифровой культуры [Текст]: автореф. дис. ... д-ра философ. наук / Д.В. Галкин. – Томск, 2013. – 51 с.
- 9 Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С.
- 10 Кубрушко П.Ф., Назарова Л.И., Симан А.А. Подготовка преподавателей к инновационной педагогической деятельности в условиях цифровизации

аграрного образования // Вестник ФГОУ ВПО МГАУ им. В.П. Горячкина. – 2019. – № 5(93). – С. 40.

11 Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – №3. – С. 82-84.

12 Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық-практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.

13 Сардарова Ж.И, Кисметова Г.Н, Турежанова Г.А, Саркулова Д.С. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.04>

ИССЛЕДОВАНИЕ ГЕНДЕРНОГО ФАКТОРА В РЕЧЕВОМ ПОВЕДЕНИИ

Мунира Бахрамова,
доктор философии (PhD) по филологическим наукам,
ФерГУ г. Фергана, Узбекистан

Аннотация. В данной работе освещаются вопросы исследования гендерных различий в речевом поведении носителей языка. Объясняется понятие «культурная репрезентация пола», подчёркивающее вариативность мужественности и женственности в разных культурах в силу их многогранности и изменчивости. Дается определение понятию «гендерлект», введенное в лингвистический дискурс представителями гендерной лингвистики, также выявляются различия между мужским и женским речевым поведением.

Ключевые слова: лингвокультурологический подход, концептуализация, гендер, гендерлект, исследования “мужественности” и “женственности”

Annotation. This paper highlights the issues of the study of gender differences in the speech behavior of native speakers. The concept of "cultural representation of gender" is explained, emphasizing the variability of masculinity and femininity in different cultures due to their versatility and variability. The definition of the concept of "genderlect" introduced into linguistic discourse by representatives of gender linguistics is given, and the differences between male and female speech behavior are also revealed.

Keywords: linguoculturological approach, conceptualization, gender, genderlect, studies of “masculinity” and “femininity”.

Современные лингвокультурологические исследования исходят из того, что “каждый естественный язык отражает определённый способ восприятия и организации (концептуализации) мира. Выражаемые в нём